

УДК 378  
ББК 74.58  
S81

**Редакционная коллегия**

*Шакирова С.М.* - к.ф.н., и. о. директора Управления по науке  
*Сапаргалиев Д.Б.* – PhD, зам. директора Управления по науке  
*Никифорова Н.В.* - д.э.н., профессор, декан послевузовского образования

Все статьи прошли проверку в системах Антиплагиат.ВУЗ - на русском языке, Turnitin.com - на английском языке, Advego Plagiatus v.1.2.093 – на казахском языке. Уникальность текстов не ниже 75%.

**i – START. Предпринимательство: энергия молодых.**

Материалы международной научно-практической конференции студентов и магистрантов 16-17 апреля 2015 г.- Алматы, Алматы Менеджмент Университет, 2015 – 320 с.

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

УДК 378  
ББК 74.58  
S81

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

advertising on our stalls. Also our regular customers will have a discount.

### Conclusion

To sum up, the main target of our company is to give people an opportunity to find fast food which will be cheap, healthy, and convenient to have as a snack. "Vitamins" will be competitive enough because young people have already stated their willingness to have a proper nutrition. So, our willingness is to provide them with this nutrition. We will make healthy eating more popular than junk food and assert its full necessity.

Healthy nutrition and sport – these are two things we are lacking in our modern way of life. "Vitamins" will energize people and motivate them to change in a better side.

With "Vitamins" we can stop worrying about future generation and their health.

Healthy people are happy people.

**Қуан Тельман**

1 курс студенті, менеджмент

Ғылыми жетекші:

**қазақ тілі пәнінің аға оқытушысы**

**К. Турарова**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯДАҒЫ ОРЫНЫ

XXI ғасырдың басында адамзат жаңа жаһандық мәселелерге тап болды. Осы мәселелер жаңа әлемдік интеграцияның тиімділігін, жаһандану үрдісінің маңыздылығын көрсетті. 1991 жылы жаңа құрылған Қазақстан мемлекеті алдында тез арада дұрыс шешім қабылдап жаңа әлемге ілесіп кету маңызды болды. Ұзақ мерзімді стратегиялар мен жобалар арқасында Қазақстан көптеген мәселелердің шешу жолын тапты. Соның ішінде сыртқы саяси жағдайды тұрақтандыру, Қытай, Өзбекстан мемлекеттермен территориялық мәселелерді шешу, сыртқы тауар айналымы мен инвестиция ағымын реттеу болып табылды. Сыртқы әлеммен көпжақты келіссөздер жүргізіп, ортақ екі жаққа да ыңғайлы шешімге келу Қазақстанның сыртқы әлем интеграциясына қол жеткізуге мүмкіндік берді. Қазақстанның географиялық орны Қазақстанның сыртқы қатынастарына да үлкен септік болды. Қазір Қазақстан белсенді, экономикалық, саяси жағынан тұрақты мемлекеттердің бірі. Қазақстан дәл евразия материгінің ортасында орнасаңдықтан шығыс пен батысты, солтүстік пен оңтүстікті байланыстыруға жол ашты. Соның арқасында Қазақстан көптеген ірі дүние жүзілік, аймақтық ұйымдарда мүшелік етуде. Қазақстанның дүние жүзілік интеграцияда, әсіресе Еуразиялық интеграцияда алатын рөлі зор. Болашақ ірі трансконтенталды көлік магистралдары, дүниежүзілік әуе жолдары, темір жол қатынастар байланысы, ресурстардың еркін ағымы сияқты мүмкіншіліктер, Қазақстанның Еуразия аймағында интеграциялану деңгейіне тәуелді. Сондықтан да Қазақстан мемлекетінің Еуразиялық интеграция деңгейі қазіргі кезекте ең өзекті мәселелердің бірі. Интеграцияның өзектілігі, оның Қазақстан халқының болашағына үлкен әсер ететіндігімен, әрі ел дамуының басты бағыт-бағдарын анықтайтындығы себебінен айқын көрініп отыр. Қазақстанның Еуразиялық бірігудің түп негізі мен дәрежесін, Қазақстан Республикасының интеграция деңгейінің жағымды жақтары, Еуразиялық интеграцияның болашақ бағыттары бүгінгі күннің маңызды шараларының бірі.

Қазақстан көптеген әлемдік бірлестіктер мен ұйымдарда беделді мүшелердің бірі. Қазақстанның стратегиялық маңызы соңғы 20 жыл ішінде айтарлықтай көрсеткіштерге жетті. Осыған мысал болатын ЕҚЫҰ, БҰҰ мен Еуразиялық Одаққа мүше болуы. Қазақстан дүние жүзілік саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шешуде беделді орынға ие болды. Ал аймақтық интеграция жөнінен Қазақстан алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі. Алдағы уақытта Қазақстанның Еуразиялық интеграцияда алатын орны қандай болмақ. "Қазақстан 2050" стратегиясы, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың "Астана жолы", "Евразийский Союз: Идеи, практика и перспективы" сынды дерек көздерін, сауалнамалар мен мамандардан сұрақ-жауап алу арқылы ақпарат жинап, оны жеткілікті деңгейде талдау қажет. Анықталған мәселені шешуде көптеген сыртқы және ішкі факторларға және мәселеге жан-жақты талдауды қажет етеді.

Интеграция (лат. integer – тұтас, бүтін) субъектілерді біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақты іс-қимылын тереңдету.

Жаһандану – үрдістегі барлық елдер-қатысушылардың ұдайы өндірісінде сыртқы факторлар (экономика, әлеуметтік және мәдени) рөлінің ұлғая түсуі, ұлттық кедергілерсіз бірыңғай әлемдік нарықтың (нарықтардың) қалыптасуы және барлық елдер үшін бірыңғай заңнамалық жағдайдың құрылуы.

Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстан өз жолында көптеген қиындықтарды бастан кешірді. Қазақстанның көпбағытты сыртқы саясатының арқасында, Қазақстан өзінің мемлекет егемендігін дәлелдеді. Соңғы 10 жыл ішінде Қазақстан Республикасы дүниежүзі қоғамының заңды тұлғасы ретінде танылды. Мемлекет бастамалары жаһандық қоғам жылы қарсы алды. Қазақстан сыртқы стратегиялары ең алдымен бейбітшілік пен жан-жақты қарым қатынастарды меңзейді. Саяси тұрақтылық пен экономикалық жағдай Қазақстанның беделінің артуын қамтамасыз етті.

Жалпы сыртқы саясаттың басты бағыттары Ресей, Қытай, АҚШ, Еуро Одақ, Орта Азия мемлекеттері мен мұсылман халықтарымен тығыз байланыс орнатуға бағытталды. Жаһандық ағуалдарға, аймақтық, діни, мәдени көзқарастық таластарға қарамастан мемлекет көршілес мемлекеттермен, әрі ірі дамыған мемлекеттермен

тығыз байланысты. Қазақстан ірі жаһандық келісімдерге мүше, соның ішінде ядролық қарусыздандыру және қолданбау жөнінен беделді ұстанымдарға ие.

Қазақстан өзінің геосаяси орналасуына және экономикалық потенциялына байланысты болашағы Еуропа, Азия, Шығыс және Батыспен тығыз байланысты. Қазақстанның көп бағытты саясатының негізгі жемісі - Қазақстанның Кедендік одақтың мүшесі танылып Еуразиялық Интеграцияға үлкен үлес қосуында.

Қазақстан көп жылдар бойы бекітілікті пен ынтымақтастық бағдарламасын ұстанып отыр. Ресей мен Қытай ірі мемлекеттерімен тиімді қатынастар мен сауда саттық жүргізу арқасында Қазақстан дүние жүзінде жаһандық үрдістерге өз әсерін тигізіп отыр. Жаңа саяси ұсыныстар Қазақстанның экономикалық потенциалын күшейтіп отыр. Осының арқасында Қазақстан дүние жүзі елдері үшіншынайы тұрақты серіктестікті көздейтін көрсетеді.

1997 жылдан «Тұран» университетінде кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. "Еліміздің тәуелсіздігіне тағдырына тікелей әсер ететін үдерістер басталған соң, мен Еуразиялық одақ мәселесімен айналыса бастадым....бірінші қадам – Кеден Одағы, екінші – Біріңғай Экономикалық Кеңістік, үшінші – ортақ валюта, одан кейін Еуразиялық Экономикалық Одақ болады деп қарастырылды. Ал, бәрін толғандырғаны, ар жағындағы төртінші, бесінші қадамдардың қандай болуы еді" – деп қорытындылайды Тоқтар Есіркепов. Қазақ экономика және агроөнеркәсіптік кешен ұйымдастыру ғылыми-зертхана институтында бөлім меңгерушісі Тоқтар Есіркеповтың ойынша "Бұл интеграциялық жоба – әлемдегі геополитикалық үлкен өзгерістерге әкелетін процесс." Тоқтар Есіркеповтың тұжырымына сүйеніп отырып Еуразиялық интеграция қадамдарын айқын көрсетіледі[1].

Бұндай өзгерістердің дүниеге келуінен кейін, ЕурАзЭҚ базасында Кедендік одақ құрылуы, Біртұтақ Экономикалық Кеңістік қалыптасуы, алдағы уақытта Еуразиялық Одақтың құрылуының негізгі қадамдары болып табылады.

Еуразия – географиялық шекарасы айқындалған, экономикалық, саяси және мәдени өлшемдерге ие жалпы құрылым.

Еуразиялық интеграция идеясы – құрлықта орналасу, тарихы ерекшеліктеріне негізделген саяси – тарихи тұжырымдама болып табылады. Еуразиялық озық идеяның нұсқасын Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған болатын. Саяси интеграцияға бағытталған түсінік Мемлекет басшысының Еуразиялық Одақ ұғымын қалыптастыруға септігін тигізді.

1994 жылдан бастап Қазақстан Президенті Н. Назарбаев еуразиялық Одақ құру идеясын ұсынып келеді. Елбасының айтуынша: «Біз өзінің жеке тарихи және өзінің жеке болашағы бар еуразиялық елміз. Сондықтан да біздің үлгі басқаларға ұқсамайтын болады. Ол өзінің өн бойына әртүрлі өркениет жетістіктерін сіңіреді».

Н.Ә.Назарбаев ұсынған Еуразиялық интеграция моделі интеграциялық идеяны қозғаумен қатар әрі ұзақ тарихи кезеңде Еуразия халықтары арасындағы қалыптасқан шаруашылық, саяси, көліктік және әлеуметтік байланыстарды сақтап қалу және оны жаңа деңгейге көтеру мақсатындағы посткеңестік елдердің өзара ықпалдасуын кеңейту бағытындағы іс-қимылдар үшін нақты нұсқаулық болып табылады.

Еуразиялық одақ – бұл өзара қарым-қатынас жасау арқылы бейбітшілікті нығайтуға ұмтылған Еуразия құрлықындағы халықтардың прагматикалық және тең құқықтық ынтымықтастығының үлгісі.

2000 жылы 10 қазанда Астанада Беларусь, Қазақстан, Қырғыстан, Ресей және Тәжікстан президенттері Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы келісімге қол қойылды.

ЕурАзЭҚ-ны құру туралы шартта Кеден одағы шеңберінде бұрын қабылданған шарттар мен шешімдердің сабақтастығы қамтамасыз етілген. олардың ішіндегі негізгілері мыналар болып табылады:

- Кеден одағы туралы келісім;
- 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кеден одағына қосылу туралы келісім;
- 1996 жылғы 29 наурыздағы экономикалық және гуманитарлық саладағы интеграцияны тереңдету туралы шарт;

• 1997 жылғы 22 қарашадағы кеден одағын қалыптастыру кезінде тарифтік емес реттеудің біріңғай шаралары туралы келісім.

Еуразиялық экономикалық қауымдастық – ТМД кеңістігіндегі ең дамыған аймақтық бірлестіктердің бірі. Аталған аймақтық бірлестік жұмысына қатысу, Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтарының бірі болып табылады.

2003 жылы желтоқсанда ЕурАзЭҚ БҰҰ Бас Ассамблеясы жанындағы бақылаушы мәртебесіне ие болды, бұл осы интеграциялық бірлестікті дүниежүзілік қоғамдастық танып отыр дегенді білдіреді.

ЕурАзЭҚ негізгі міндеттеріне мына мәселелер енеді:

1. Еркін сауда тәртібі көлемін рәсімдеуді аяқтау, жалпы кедендік тариф қалыптастыру және реттеу;
2. Капитал Қозғалысы еркіндігін қамтамасыз ету;
3. Жалпы Қаржылық нарықты қалыптастыру;
4. Ұйым шеңберінде ортақ валютаға өту принциптері мен шарттары бойынша мәмілге келу;
5. Кедендік реттеудің бірыңғайланған жүйесін құру;
6. Жалпы энергетикалық нарық қалыптастыру;

ЕурАхЭҚ-қа мүше мемлекеттер осылайша Қоғамдастық шеңберіндегі интеграциялық үдерістерді одан әрі

тереңдету мақсатын түсініп, бірлесіп жұмыс жасауда.


Кедендік одақ ол Еуразиялық Интеграцияға жетер жолдың бірінші бағыты. 2011 жылы Қазақстан Ресей Белорусия мемлекеттерінің арасында кедендік шектеулер жойылып, үш елдің ортақ кедендік аймақ құруына жол ашты. Бұл елдег бизнестің дамуына және жаңа нарыққа шығуға жол ашты. Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметтерін либерализациялау сыртқы рынокқа шығушы кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің, сондай-ақ жекелеген кәсіпкерлердің шеңберін кеңейте түсті. Осыған байланысты шетелдік тауарлар, жұмыстар, қызметтер, ақпараттар, сипаткерлік қызмет нәтижелерін алмасу салаларында мемлекеттік реттеудің рөлі де елеулі өсе түсуде. Сондықтан мемлекет кеден ісі және кеден саясаты түсініктерімен қамтылатын кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлардың және көлік құралдарының өтуінің кедендік тәртібін бекітеді, кедендік төлемдерді алады, кеден ережелерін бекітеді, және басқа да көптеген басқару және реттеу қызметтерін жүзеге асырады. Кеден ісі мен кеден саясаты сыртқы экономикалық қызмет аясындағы құрам болып қана қалмай, басқа мемлекеттермен жаңа үлгідегі экономикалық байланыстар қалыптастырудың дәнекері болып табылады. Нақты мүмкіншіліктері: Кеденде тексеріс пен тауар айналымын ұстап тұрудың жойылуы.

Мысалы Қытай елінен тауар ағымы тек бір ғана кеденді өтіп, яғни Қазақстан кедені, дереу 170 миллиондық адамы бар нарыққа түседі.

Белорусия 2012 жылы Ресеймен сауда саттық көлемі бойынша 10-ыншы орыннан 6 орынды иеленді. Сауда саттық көлемі жалпы 35,7 млрд \$ көлемін құраса, 2013-інші жылы жалпы тауар алмасу көлемі 43,8 млрд \$ көлемін құрады. Ал Қазақстанмен сауда саттық көлемі 5 есеге өсіп, 2013 жылы 29,8 млрд \$ көлемін құрады.

Қазақстанның Ресеймен сауда саттық көлемі 2013 жылы 23,8 млрд \$ көлеміне жетті.

1. Жалпы тауар үлесі[2]:



37% Минералды тауарлар

21% Көлік, транспорт тауарлары

10% Ауыл шаруашылық тауарлар

9% Химия өнеркәсіп тауарлары

10% Басқа өнімдер

Кедендік одақ аймағында газ өніміне бірізгі бағалау жүйесі қолданылады. ол газдың құны мен жеткізу құны есептейді.

2. Кедендік одақ ішкі одақтық интеграциясына жол ашты.

Мысалы Минск трактор зауыты Қазақстанда сервис орталығы мен трактор жинау мен құрастыру орындарын ашты. Ал Ресей федерациясы Белорусияда Атом электростанциясын салуда.

3. Кедендік одақ үш мемлекетке трансұлттық компаниялар құруға жол ашты. Негізгі күш жер қойнауын игеру мен көлік құрастыру өндірісін дамытуға бағытталмақ.

Кедендік одақтың жұмысы геосаяси тұрғыдан ескеретін болсақ Евразиялық интеграцияның ең алғаш қадамы деп есептеледі. Қазақстан мемлекеті тарапынан көптеген бастаулар жолға қойылды. Олардың бірі Ұжымдық қауіпсіздік келісімі болып табылады.

ЕурАзиялық Одақ – бұл ірі, жаһандық қиындықтарға төтеп бере алатын құрылым. Одақтың құрылуы көптеген себептерден бастау алады. Ең маңыздысы бұл жаһандық экономикалық дағдарыс болып табылады. Осының себебінен одақтың ең басты бағдары бұл аймақтағы экономикалық тұрақтылық пен өркендеу болып саналады. Негізгі идеясы 1994 жылы Ел басының қолдауымен қаланған идеяны дамытып жан-жақты жұмыс істеу арқасында, қазірде Еуразиялық Одақ идеясы ірі саяси, экономикалық күш келбетіне енді.

Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, күн санап аймақтық интеграция мәселесі маңыздырақ болып келеді. Мәселелерді бір жақты ғана емес көп жақты шешу ұтымды жетістіктерге жеткізетіні мәлім болды. Ел басының саяси көріпкелдігі арқасында тез арада құрылған ЕурАзЭҚ пен Кедендік одақ өз жемісін тартуда, ал бірлескен Еуразиялық Одақ жаңа интеграциялық процесстердің саяси, жаһандық өзгерістерге алып келетіні мәлім.

2015 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстан, Ресей және Белорусь Кедендік одақ пен БЭК-тің нормативтік-құқықтық базасын құрайтын халықаралық келісімдердің кодификациясын аяқтап, осының негізінде Еуразиялық Экономикалық одақты құруы тиіс. Ал, бұл уақытқа дейін Кеден одағына Қырғызстан мен Тәжікстан қосылуды жоспарлауда.

Қазақстан соңғы 22 жыл ішінде ірі экономикалық дамыған елдер қатарына енді. Оның дәлелі Қазақстанның

қысқа мерзімде 50 дамыған елдің қатарына қосылуы болып табылады. Қазақстанның экономикалық өрлеуі ол Қазақстан мен Орта Азия елдерінің арасындағы сауда-саттықтың өсуі болып табылады. Сонымен қатар Қазақстан шетел инвесторларының үлкен назарында болып табылады. Кедендік белестердің жойылуы ең алдымен Қазақстанның отандық тауардың экспортталу деңгейінің артуына негіз болады. Сонымен қатар кооперативті компаниялар саны артып, өндірістің және басқа да өндіріс көздерінің дамуына көмегін тигізеді. Бір жағынан шетелдің сапалы тауарлары отандастарға ішкі өндірісті ілгері дамытпауы мүмкін. Қазақстанның экономикалық жағынан одаққа қосылуы экономикалық прогресстің күш-жігер алуы болмақ.

Қазақстанның геосаяси орны, яғни Еуразияның дәл ортасында орналасуы, Қазақстанды еуразиялық интеграцияның айырылмас бөлігі етеді. Қазақстан екі алпауыт Ресей мен Қытай, елдерімен шекаралас орналасып, сауда-саттық ағымын қадағалап отыр. Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда-саттық көлемінің өсуі жалпы Еуразиялық одақ ішіндегі сауда саттық көлемінің өсуіне алып келеді. Сонымен қатар Қазақстан шығыс елдеріне шығуға жол ашады. Өзбекстан, Қырғыстан кейін Тәжікстан, Ауғанстан арқылы араб елдеріне, тағы да шығысқа жол ашылады. Ресей арқылы Қазақстан Еуропа нарығына шығуға жол ашады.

Одақтың құрылуы геосаяси күштердің дамуына алып келеді. Дүние жүзілік мәселелерді шешуде бір жақты Еуроодақ пен АҚШ қатысса, ал жаңа одақтың құрылуы саяси күштердің теңесуіне мүмкін. Әлемде екі саяси күштің пайда болуы жаһандық мәселелерді шешуде табысқа қол жеткізеді. Мысалы Украина дағдарысынан талдып қарасақ, Косово дағдарысымен салыстарғанда, текетіреске екі алпауыт саяси күш шықты, ал Косово мәселесінде АҚШ және ЕО тарапынан бір жақты шешім табылды. Яғни Одақтың күшеюі «саяси массалардың» теңесуін қамтамасыз етеді.

Саяси қарсы екі күштің болуы көптеген саяси, этностық, идеологиялық тұрақсыздықтар туғызады.

Болашақ жаһандық азық-түлік жетіспеушілігі, ауыз су тапшылығы, демографиялық ахуал сынды мәселелерді шешуде Қазақстанның мүмкіндігі зор. Қазақстан астық өнімдерін экспорттауда алдыңғы қатарларға ие. Қазақстанның астық өнімін өндіруде мүмкіндігі 1,5 млрд адамды қамтамасыз етуге жетеді деп бағаланады. Кедендік одақта Қазақстан астық өнімін экспортқа шығаруда алғашқы орындарға, ал Белоруссия ет және сүт өнімдерін экспорттаудан алдыңғы орында болып табылады.

Ауыз су мәселесін шешуде Еуразиялық одақ өте үлкен шара атқара алады. Қазақстан территориясында маңызды Ертіс, Есіл, Жайық, Сырдария және Іле сынды алпауыт өзендер жүйесі, Одақтағы ауыз су мәселесін шешуде, ортақталған зерттеулер жүргізуге жол ашады.

Демографиялық ахуал жөнінен Еуроодақ территориясы әлемдегі ең ірі аймақты алады. Қазақстан жер көлемі бойынша 9 орын, ал Ресей 1 орынға ие.

Энергетика мәселесінде Қазақстанның алар үлесі зор. Географиялық қоңыржай белдеуде орналасуына сай жыл мезгілінің көп уақыты өте қолайлы. Сонымен қатар тұрақты күшті Қоңыр желдер шұғыл континентальды. Маусымдық желдер мен жоңғар қақпасынан соғатын Ебі желдері де энергия көздерін өндіруде альтернатив жок болып табылады.

Қазақстан халқының ұлттық құрылымына көз жүгіртсек, Қазақстан халқы 130 әр түрлі ұлт өкілдері мен этностардың құрылған. Соның 89% ТМД елдерінің ұлт өкілдерін құрайды. Ең ірі этностық топтарға Қазақ, Өзбек, Белорус, Украин мен Орыс ұлттары кіреді. Мәдени алуан түрлікті ескере отырып, ЕурАзиялық интеграция нәтижесінде ұлтаралық қақтығыстардың болу мүмкіншіліктері азаяды, сонымен қатар ортақ тарихи тағдырмен байланысқан КСРО саясаты нәтижесінде ортақ интеграцияны бастан кешірген этностық топтарға өзара тіл табысу жолы анық. Ортақ қарым-қатынас тілі орыс тілі ретінде танылуы мәлім. Себебі өткен ғасырда өткен орыстандыру саясаты әлі де өз күшін жоғалтқан емес. Ұсақ словяндық этностық мәдениеттер, ассимиляцияға ұшырап, тек физиологиялық ерекшеліктеріне сай, Азиялық, Түрік тектес мәдениеттер ассимиляция процессін бастан кешіре алатыны белгілі. Қазақ мәдениетінің сақталып қалу мүмкіншіліктері өте жоғары.

Тарихи кезеңдерге сай Еуразия құрылысында көптеген интеграциялық қауымдастықтар бас көтеріп, күйреуге ұшырап жатты. Ең алпауыт үрдістер шығыспен батысты біріктірген Ғұн тайпаларынан бастап, Рим, Шыңғысқан империяларымен, КСРО, Еуро Одақ сынды интеграциялық одақтардың тәжірибесі мол. Осы бірлестіктердің тәжірибесін жинап, сараптап, жіберілген қауіп-қатерлерді ескере отырып, жаңа одақты құруда үлкен рөл атқарады.

Қалыптасқан, қарқынды мемлекет ретінде Қазақстан жаңа жүз жылдықта тиімді әлем құрылысына деген өзіндік көзқарасын қалыптастырды. Осылардың негізінде ХХІ ғасырда көптеген жаһандық мәселелер бойынша шешім іздеуді табысты жүргізуге болады.

Қазақ халқы өз тарихында, генеологиялық шежіресінде, ірі интеграциялық үрдістердің мүшесі болған. Ғұн, Сақ тайпаларынан бастау алатын қазақ халқы, Атилланың ұлы жорығына да, Шыңғыс хан империясы мен КСРО интеграциясына да қатысқан. Ел тарихында интеграция алып келген зардаптары мен жемістерін ескеріп, жаңа Еуразиялық Одақта, Қазақстан өз егемендігі мен зайырлығын сақтап қалуы шарт.

Одаққа мүшелік ету Қазақстан республикасы алдында үлкен мүмкіншіліктер ашады. Ең алдымен Қазақстанның одаққа қосылуы экономикалық жағынан өсу мен дамудың алғы шарттары болып келеді. Кедендік одақтың ішіндегі сауда саттық көлемін аңғарсақ болашақта сауда саттық экспорт көлемінің артуы ішкі экономикалық даму қозғалтқышы болады. Ал экспорт көлемінің өсуі теңгенің нығайуына алып келеді.

Одақ аясында Ресейдің, Белоруссияның және Қазақстанның машина жасау өнеркәсіп кәсіпорындары

технологиялық қайта жарақтандыру жөніндегі бірлескен жұмыстарды атқарады. Оны құрған кезде өнеркәсіптің міндетті мүшелік ету институты енгізілді, ол бизнес-қауымдастық өкілдерінің заң шығарушылыққа барынша қатысуларына кепілдік берді. «Қазақстан тарапынан ҰКП салалық және нормативтік базаны қалыптастыруға белсенді атсалысады. Біз нормативтік шығармашылыққа бизнестің міндетті қатысуы қарастырылған кәсіпкерлік қызмет туралы заңда ескерілген сараптамалық қорытындылар механизмін қолданамыз. Нормативтік-құқықтық базаны үйлестірудегі ЕЭК жұмысының қарқыны тым жоғары екенін және КО барлық елдерінің бизнес қоғамдастықтарына, оның ішінде ЕЭК өзара әрекеттестіктің көлденең байланыстарын тиімді жолға қою қажеттілігін көріп отырмыз»-дейді кәсіпкерлердің ұлттық палатасының РФ өкілдігінің басшысы, Қазақстанның өкілі Александр Конопасевич.

Нұрсұлтан Назарбаев тұлғасының пас-сионарлығының арқасында кеше ғана орын-далмайтын арман сияқты көрінген мақсаттар бүгінде шындыққа айналуда. Сөз жоқ, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарын дағы табыстары мен жетістіктерінің негізі Нұрсұлтан Назарбаевтың көшбасшылық факторында жатыр. 2011 жылғы сәуірдегі инаугурация салтанатында Нұрсұлтан Әбішұлы былай деді: «Мен осыдан 20 жыл бұрын, яғни біздің Тәуелсіздігіміздің алғашқы кезеңінде халқымыздың алдына қойылған мақсаттар мен міндеттердің орындалғанын, тіпті асыра орындалғанын мақтанышпен айта аламыз»[3].

Еуразиялық одақ мәселесі елбасының қатысуынсыз өтпейді. Қазақстан Көшбасшысы өрісі кең Еуразиялық мемлекеттер одағын қалыптастыру идеясын ұсынып, мұндай интеграциялық ұсыныстың тиімділігіне іргелес мемлекеттердің басшыларын сендіре отырып және солардың белсенді қатысуымен осынау еуразиялық жобаны табысты түрде жүзеге асыра білді.

#### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. Ақбота Исламбек//Еуразия идеясы, Еуразия Одағы, Еуразия Парламенті бізге не береді? Келелі кеңес №11, 16-20 бб
2. Назарбаев Н. А. IV Астана экономикалық форумы/ Астана, 2013
3. Назарбаев Н. А. Инаугурация салтанатында сөйлеген сөзі/Астана 2011, 3 сәуір.